

# ЖАДНАМА

МҮГЕДЕКТІКТИ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУГЕ  
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА  
ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН КВОТАНЫ  
ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ

# 1

## 1 БӨЛІМ.

### МҮГЕДЕКТИКТИ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

**Бір немесе басқа деңгейдегі мүгедектікті рәсімдеу үшін қажет:**



**1 ҚАДАМ** Салалық маманға (егер ол созылмалы ауруы бар диспансерлік науқас болса) немесе ауруханаға жіберетін учаскелік дәрігерге жолығу.



**2 ҚАДАМ** Аурухана дәрігерлері ауру тарихының үзіндісінде ұсынмдар жазады.



**3 ҚАДАМ** Алынған үзіндімен науқас учаскелік дәрігерге немесе салалық маманға барады.



**4 ҚАДАМ** Учаскелік дәрігер/салалық маман берген бланкпен тексеруден өтеді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер науқастың өздігімен жүруге мүмкіндігі болмаса, тексеру үйде жүргізілуі керек.



**5 ҚАДАМ** Дәрігердің емдеуге жіберу қағазы және тексеру нәтижелерімен науқас мүгедектік дәрежесін анықтау үшін медико-әлеуметтік сараптамадан (МӘС) өтеді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер науқастың жағдайы ауыр болып, өздігімен жүріп-тұруға мүмкіншілігі болмаса, МӘС дәрігерлері науқастың үйіне келулері тиіс.

# 2

## 2 БӨЛІМ.

### МҮГЕДЕКТИГІ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ



- Жәрдемақы тағайындау үшін тұратын жеріңіздегі тиісті облыс немесе қаланың **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаментіне** құжаттармен бірге өтініш беру қажет.
- Шешім өтініш тапсырылғаннан кейін (барлық қажетті қосымшаларымен қоса) **10 жұмыс күні ішінде** қабылдануы керек.
- Жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш кез-келген уақытта, ешқандай мерзіммен шектелмей, жәрдемақы құқығы пайда болған уақыттан бастап беріле алады.



## **Мүгедектік бойынша жәрдемақылар беріледі:**

- мүгедектік басталған жағдайда, жәрдемақы тағайындау жөніндегі өтініш беру уақытында жұмыстың біткеніне болмаса жалғасуына қарамастан,
- мүгедектік жұмыс немесе қызмет кезінде, жұмысқа кіріспес бұрын немесе жұмыс аяқталғаннан кейін басталғанына қарамастан,
- жәрдемақы тағайындайтын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мүгедектіктің толық кезеңіне тағайындалады,
- мүгедектік тобы өзгерген жағдайда, жаңа мөлшердегі жәрдемақы мүгедектік тобы өзгерген күннен бастап төленеді,
- азаматты еңбекке жарамды деп таныған жағдайда, жәрдемақы еңбекке жарамды деп танылған күнге дейін төленеді.

Заңда мүгедектікті растау мақсатында уәкілетті органның мүгедектерді қайта қарау тәртібіне құқығы қарастырылған.

Егер мүгедек жәрдемақы тағайындайтын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мерзімде қайта қаралуға келмеген болса, оған жәрдемақы төлеу уақытша тоқтатылады, жаңадан мүгедек деп танылған жағдайда - тоқтатылған күннен бастап төленеді, бірақ бір айдан артық емес.

Қайта қаралу мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда жәрдемақы уақытша тоқтатылған күннен бастап қайта қаралған күнге дейін төленеді, бірақ 3 жылдан артық емес.

## Мүгедектігі бойынша жәрдемақы алу үшін келесі құжаттарды тапсыру керек:

- жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі,
- тұрақты тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат,
- зейнетақы мен жәрдемақы төлейтін уәкілетті ұйымдағы есепшот нөмірі немесе түзету мекемесінің арнайы есепшоты туралы ақпарат,
- радиацияның әсеріне ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің пайда болуының себепті байланысын анықтау туралы Мекемеаралық сарапшылар кеңестің шешімінің көшірмесі,
- аурухана берген ауру туралы куәліктің көшірмесі немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы,
- 16 жасқа дейін мүгедек баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі.



# 3

## 3 БӨЛІМ.

### ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЕМДЕЛУГЕ КВОТА АЛУ ЖОЛЫ



**1 ҚАДАМ** Ауруды ауруханаға жатқызу порталының электронды кезегіне қою үшін тұрғылықты жердегі учаскелік дәрігерге, немесе салалық ауру маманына жолығу керек.

**Учаскелік дәрігерге (салалық маманға) хабарласпас бұрын өзіңізде болуы керек:**

- Амбулаторлық карта,
- Стационарлық емдеуге арналған емдеуші дәрігердің ұсынысы.



**2 ҚАДАМ** Содан кейін учаскелік терапевт (салалық маман) науқасты, қажет болған жағдайда, толық тексеруге жібереді.

#### ТЕГІН

**маманның жіберуімен науқасқа жасау керек:**

- қан талдауы,
- зәр талдауы,
- рентгендік суреттер,
- УДЗ.

Тексерудің ауқымын учаскелік дәрігер (салалық маман) анықтайды.





### 3 ҚАДАМ

Анализдар мен диагностиканың нәтижелерімен науқас тағы да терапевтке келеді. Ол ауруханаға науқастың ауруының коды көрсетілген жолдама жазып, тіркеу нөмірін береді.



### 4 ҚАДАМ

Бұл кезеңде науқас кезегінің келуін күтеді. Анализ нәтижелері 10 күн аралығында жарамды және, заңға сәйкес, науқас осы мерзімде ауруханаға жатқызылуы тиіс. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, науқастар кезегінің келуін жарты жылдан аса күтеді.



### 5 ҚАДАМ

Науқастың кезегі келген бойда аурухана ол туралы хабарлауы керек.





Материалдарды ҚазОжРҒЗИ  
психологиялық-әлеуметтік көмек  
бөлімінің қызметкерлері дайындаған.